

**«№7 Хромтау мектеп-гимназиясы» КММ (мектеп жанындағы
интернатымен) кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№4 хаттамасынан көшірме**

Өткізілу күні: 07.02.2022 жыл

Қатысушылар – 54 педагог (тізімі бойынша)

Кеңес төрайымы – Э.К.Культаева

Хатшы: А.Ш.Жекеева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №7 Хромтау мектеп-гимназиясы КММ өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу туралы.

Э.К.Культаева мектеп-гимназия директоры.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Мектеп-гимназия директоры: Э.К.Культаева.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» басшылыққа ала отырып, педагогикалық кеңес **шешім етті:**

ШЕШІМ:

1. 2022 жылдың 09 ақпаннан бастап «№7 Хромтау мектеп-гимназиясы КММ» өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамы бекітілсін.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» басшылыққа алынсын.

Хаттама көшірмесі дұрыс

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Э.К.Культаева

Хатшы:



А.Ш.Жекеева

**«№7 Хромтау мектеп-гимназиясы» КММ (мектеп жанындағы
интернатымен) кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№5 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілу күні: 25.02.2022 жыл

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы

Қатысушылар: педагогикалық ұжым (54 педагог тізім бойынша)

Кеңес төрайымы: Э.К.Культаева

Хатшы: А.Ш.Жекеева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №7 Хромтау мектеп-гимназиясының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы- мектеп-гимназия директоры Э.К.Культаева.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Мектеп-гимназия директоры: Э.К.Культаева

Мектеп-гимназия директоры Э.К.Культаева 2022 жылдың 07 ақпандағы өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды.(қорытынды анықтама қоса жалғанады).Педагогикалық ұжым алдына қойылған міндеттердің бірі бұл мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу болатын.

№7 Хромтау мектеп-гимназиясында арнайы құрылған комиссия мүшелері 2022 жылдың 09-24 ақпан аралығында өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар», », Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» басшылыққа алынды.

Өзін-өзі бағалауын өткізу барысында комиссия мүшелері бағалау,өлшемшарттарының критерийлеріне сәйкес жоспар бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізді.

Комиссия мүшелері мектептің оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар зерделенді.

Осы талаптардың сақталуына қорытынды анықтама жасалынды. Қорытынды анықтама ұжым алдында толық оқылып, таныстыру үшін сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Абдуллинаға берілді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1) **А.Б.Абдуллина** - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Мектепке 2022 жылдың 09-24 ақпан аралығында өзін-өзі бағалау жұмысын төмендегі бағалау өлшемшарттарының нақты 4 критерийлері бойынша жүргізілді.

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

2019-2021 оқу жылдарындағы мектептің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінің, оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарларының ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі тексерілді.

Қорытынды анықтамамен таныстыра келе, тексеру барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер де жоқ емес екенін айтты. Жіберілген кемшіліктерді түзетуге арнайы әдістемелік ұсынымдар берілді.

2) **Қ.И.Махамбетов** - директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары.

Оқу жоспарының жылжымалы жүктеме бөлігі (мектеп компоненті) оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған болуы керек деп есептеймін. 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында педагогтар мен білім алушылардың зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуда халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде нәтижелердің төмендігіне көңіл бөлу керектігі туралы айтты. Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар элективті курстар, таңдау курстары бойынша білім алушылардың ғылыми жобалар қорғау жарыстарына, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысымы болу керектігі баса айтылды.

Өзін-өзі бағалау жұмыстары тыңдалып және талқыланып педагогикалық кеңес шешім етті:

ШЕШІМ:


1. Пән мұғалімдерінің білім сапасын арттырудың жаңа инновациялық технологияларын сабақ жүргізу үрдісіне енгізіп, кәсіби жетілуіне көңіл бөлінсін.

2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін қалыптастырушы бағалау қоры аздығы аталып, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйелі жүргізілсін.


3. Оқушылардың ғылыми жобалар қорғау жарыстарына қатысымын халықаралық, республикалық деңгейге жеткізу ұйымдастырылсын.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Ақтөбе облысының білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-не қарасты «№7 Хромтау мектеп-гимназиясы» КММ (мектеп жанындағы интернатымен) білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Кеңес төрайымы:

 Э.К.Культаева

Хатшы:

 А.Ш.Жекеева